




4

СЫНЫП

Оқу сауаттылығы



Жұмыс парақтары

Сарманова Ш. А.



Жұмыс парақтары 4- сынып
оқушыларының “Қазақ тілі” пәнінен
“Менің Отаным- Қазақстан”,
“Құндылықтар”,
“Мәдени мұра”,
“Мамандықтар әлемі”,
“Табиғат құбылыстары”,
“Қоршаған ортаны
қорғау”

бөлімдері бойынша оқу
сауаттылығын қалыптастыру мен
дамыту мақсатында құрастырылған.

Білім алушылардың білім
жетістіктерінің мониторингіне
(ББЖМ) дайындық жұмыстарына
пайдалану ұсынылады.



Авторы: Сарманова Шынар
Амандосовна, педагог-зерттеуші,
еңбек өтілі-27 жыл.



Оқу сауаттылығы 1-нұсқа

1-мәтін

Нұсқаулық: Мәтінді мұқият оқып, берілген тапсырмаларға дұрыс жауап беріңіз.

Патшаның даналығы

Бір дана патша өмір сүріпті. Оған оның ұлы бір күні, әке сені елдің бәрі дана, көрегені көп, ақылды деп сыйлайды, сен осы сол даналықты қайдан оқып білдің, қандай кітаптар оқыдың, сені қандай мұғалімдер оқытты,-деп сұрақ қояды.

Сонда әкесінің берген жауабы:

-Ұлым мен ел оқыған, сен де оқып жүрген кітапты оқыдым. Менің де ұстаздарым сен білім алып жүрген ұстаздар болды. Бірақ ел айтып жүрген парасаттылық, ақылдылықты тек олардан ғана емес өмірден, табиғаттан да алдым. Құмырсқаларды байқап жүріп, олардың еңбекқорлығына, шыдамдылығына, қайтсе де алдыға қойған мақсатқа жетудегі талпыныстарына қызықтым. Бүркітке қарап байқағыштыққа, тез шешім қабылдай алушылыққа үйрендім. Барыстан — ептілік пен шыдамдылықты. Бөдене құсқа қарап сүйіспеншілікке, қоршаған адамдарына жанашырлық көрсетуге. Нағыз даналық пен ақылдылық әр кезде біздің қасымызда жүреді. Тек адамның көзі, құлағы, жүрегінің есігі оған ашық болуы керек.

(125 сөз)

1. Баласының әкесіне қойған сұрақтарда қандай сұрақ болмады?

- A) Қандай кітаптар оқыдың?
- B) Сені қандай мұғалімдер оқытты?
- C) Неге сені бәрі сыйлайды?
- D) Даналықты қайдан оқып білдің?

2. Әкесі барыстан нені үйренді?

- A) сүйіспеншілік пен жанашырлықты
- B) ептілік пен шыдамдылықты
- C) байқағыштық пен тез шешім қабылдай алушылықты
- D) еңбекқорлық пен алдыға қойған мақсатқа жетудегі талпынысты

3. Әкесінің айтуынша әр кезде біздің қасымызда не жүреді?

- A) мейірімділік пен кішіпейілділік
- B) ізеттілік пен инабаттылық
- C) әдептілік пен қарапайымдылық
- D) даналық пен ақылдылық

4. Патша жауабы бойынша ол парасаттылық, ақылдылықты қайдан алды?

- A) өмірден, табиғаттан
- B) ата-бабасынан

- C) халық даналығынан
- D) кеңесші уәзірлерінен

2 -мәтін

Нұсқаулық: Мәтінді мұқият оқып, берілген тапсырмаларға дұрыс жауап беріңіз.

ЖЕЗ ТОПСАЛАР

Жандостың қалтасы темір-терсекке толып жүреді. Өңірін басқан ауыр қалтадан гайкалар, кесінділер, шынжырдың үзінділері, шайбалар табылатын. Алақандары таттанып, жуса кетпейтін болып алған. Бала ұйықтап жатқанда шешесі әлденеше рет темірлерді құртып, қалтасын босатып қойса да, Жандос кешке келгенде бәрібір қайта қалыбында болады.

– Мынау жаңа күртенің қалтасы тесіліп қалыпты. Темір салуды қой, – деп, шешесі талай ұрысып еді. Онысынан ештеңе шықпады. Бір күні анасы Жандос үйде жоқта оның қалтасын ақтарып отырып, әртүрлі темірлердің арасынан жарқыраған бір пар кішкене топсаларды тауып алды. Топсалар жез қаңылтырдан жасалған, сандықшаларға орнатуға лайықты-ақ. Шешесі күміс моншақтарының арасына салып, қастерлеп **тығып қойды**.

Ертеңінде бала сандықты ақтарып жүріп, шешесінің ең бір қадірлі заттарының арасынан өзінің жез топсаларын көрді.

– Мұны қол өнері сабағында өзім жасадым, – деді ол мақтанып.

– Солай ма, менің құлыншағым, шебер болады екен ғой! – деп анасы бауырына қысты. Содан былай Жандосқа темір ұстадың деп ұрыспайтын болды.

Авторы: [Зейнел-Ғаби Иманбаев](#) (136 сөз)

5. Анасы Жандостың қалтасындағы темірлер арасынан не тауып алды?

- A) күміс моншақтарды
- B) шынжырдың үзінділерін
- C) гайкалар мен шайбаларды
- D) бір пар кішкене топсаларды

6. Мәтіндегі асты сызылған сөзді қандай жағдайда қолданады?

- A) ұрысқанда
- B) еркелеткенде
- C) ренжігенде
- D) ойланғанда

7. Анасының ойынша Жандос қандай бала болады?

- A) шешен
- B) шебер
- C) олақ
- D) салақ

8. Мәтіндегі қарамен жазылған сөздің синонимі?

- A) алып қойды

- В) іліп қойды
- С) жасырып қойды
- Д) сақтап қойды

9. Мәтіннің жанрын анықтаңыз

- А) Ертегі
- В) Аңыз
- С) Әңгіме
- Д) Мысал

10. Мәтіндегі оқиғалар тізбегін дұрыс орнатыңыз.

1. Жандостың қалтасы темір-терсекке толы жүреді.
 2. Анасы Жандосқа темір ұстадың деп ұрыспайтын болды.
 3. Анасы жез топсаларды тауып алып, қастерлеп тығып қояды.
 4. Жез топсаларды қол өнері сабағында өзім жасадым-дейді Жандос.
- А) 1,3,2,4
 - В) 3,4,1,2
 - С) 2,1,3,4
 - Д) 1,3,4,2

Жауап кілті

1. C

2. B

3. D

4. A

5. D

6. B

7. B

8. C

9. C

10. D

Оқу сауаттылығы 2-нұсқа

1-мәтін

Нұсқаулық: Мәтінді мұқият оқып, берілген тапсырмаларға дұрыс жауап беріңіз.

ҚАМҚОР АСЛАН

Асланның әкесі жұмыстан шаршап келіп, төсегіне жатса ұйықтап кетіпті. Сәлден соң көзін аша сала далаға жүгірді. Әлденеге абыржулы, қарсы алдынан ойнап жүрген Аслан кездесе кеткен. Сонадайда байланған аты көрінбейді.

– Балам-ау, атқа жоламағаның жөн болған екен. Мінезі жаман, асау еді. Сені теуіп жібере ме деп қатты қорқып кеттім ғой, – дейді.

– Әке, өзіңізге бірдеңе айтайын ба? Анама айтпайсыз ба?

Әкесі басын изеп: – Айта ғой, балам...

– Мен ол атты көрші Әсет пен Айзере қарындасымды теуіп жібере ме деп босатып жібердім, – деді Аслан.

(79 сөз)

1. Асланның әкесі неге абыржулы болды?

- A) жұмыстан шаршап келгендіктен
- B) ұйқысы қанбағандықтан
- C) байланған аты көрінбегендіктен
- D) баласын асау ат теуіп жібере ме деп қорыққандықтан

2. Асланның әрекетінен байқалатын қасиет

- A) қамқорлық
- B) аңғалдық
- C) шапшаңдық
- D) еңбекқорлық

3. Мәтіннің жанрын анықтаңыз?

- A) ертегі
- B) мысал
- C) әңгіме
- D) аңыз

4. Мәтіндегі асты сызылған сөздің антонимі

- A) шабан
- B) жүйрік
- C) жуас
- D) жирен

2-мәтін

Нұсқаулық: Мәтінді мұқият оқып, берілген тапсырмаларға дұрыс жауап беріңіз.

Достар

Зейін қар басқан бақта жүр. Қарақат бұталарының сыртына мойнын созып қарап қояды. Бұқпантайлап ілгері жылжиды да, кіп-кішкентай денесімен бүрісіп отыра қалады. Бұтаның арғы бетінде әдемі, қызыл төс торғайлар жеміс ағаштарының жел қағып түсірген бүршіктерін шоқып жүрген. Өздері қандай әдемі, жерді шұқыған сайын құйрықтары шошаң-шошаң етеді. Жақындап барып ұстап алмақ еді, торғайлар пыр етіп ұша жөнелді. Әрірек барып, алма ағашының бұтағына тізіліп отырды. Көпті көрген кәрі торғай балаға мойнын созып, «шиқ-шиқ» деп үн қатты.

— Зейін, сен не істеп жүрсің? — деген даусыма балам жалт қарады да:

— Торғайлардың екі-үшеуін үйге апарайын деп едім, ұстатпады, — деді.

Мен күлдім де:

— Олар ұстатпайды, қолға үйретудің басқа жолы бар, — дедім.

— Қалай?

— Көремісің, торғайлар сенен жем сұрап тұр. Олар **аш**. Күн сайын өз қолыңмен жем беріп тұрсаң қашпайтын болады.

Зейін қуанып кетті. Екеуміз ағаштың төменгі жағына жем шашатын тақтай орнаттық. Айтқандай-ақ торғайлар үйреніп алды. Шашқан бидайды тақтайдың үстіне қонып жей бастады. Кейін алақандағы дәнді шоқудан да қорықпайтын болды.

(150 сөз)

5. Мәтіндегі оқиға қай жерде болды?

- A) күзгі орманда
- B) қысқы бақта
- C) мектеп ауласында
- D) қала саябағында

6. Мәтіндегі қарамен жазылған сөздің антонимі?

- A) ақ
- B) тоқ
- C) мәз
- D) жап

7. Тақтайға қонып, торғайлар нені жей бастады?

- A) сұлыны
- B) арпаны
- C) бидайды
- D) күрішті

8. Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз?

- A) Торғайлар алма ағашының бұтағына тізіліп отырды.
- B) Зейін торғайлардың екі-үшеуін ұстап алды.
- C) Ағаштың төменгі жағына жем шашатын тақтай орнаттық.

D) Торғайлар алақандағы дәнді шоқудан да қорықпайтын болды.

9. Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.

A) Зейін, бақ, қарақат, торғайлар

B) әкесі, Зейін, торғайлар, жем тактай

C) ағаштар, торғайлар, құйрық, бүршіктер

D) бұтақтар, жем, алақан, бидай

10. Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.

A) Әкесі мен баласының қысқы бақта серуендеуі

B) Қызыл төс торғайларлардың қоректенуі

C) Көпті көрген кәрі торғайдың үн қатуы

D) Қыс мезгілінде құстарға қамқорлық көрсету

Жауап кілті

1. D

2. A

3. C

4. C

5. B

6. B

7. C

8. B

9. B

10. D

Оқу сауаттылығы 3-нұсқа

1-мәтін

Нұсқаулық: Мәтінді мұқият оқып, берілген тапсырмаларға дұрыс жауап беріңіз.

Зиректік

Ағылшын жұртында Браун деген білімді, шебер ұста кісі судың үстіне бір қолайлы, берік көпір салуға жүріпті. Қалайша салсам ыңғайлы, нық болар екен деп ойға қалып келе жатса, жолдың үстіне кесе тартқан өрмекшінің өрмегіне көзі түсті. Мұны көріп Браун тоқтай қалып, ойланды: бұл өрмекші мынау жолдан кесе көпір салыпты, астында тіреу жоқ. Осындай көпір қолайлы болар еді деп. Сонымен келді де су үстіне екі ұзын шынжыр тартып, ортасынан тақтай салып, екі жақ басын құрғақ жерден биік, нық бағаналарға бекітіп, көпір істейді. Көпір қолайлы да, берік те болып шықты. Шынжырмен көпір салу содан қалған үлгі.

Ахмет Байтұрсынұлы
(93сөз)

1. Браунды автор қалай сипаттайды?

- A) білімді, шебер ұста
- B) ақылды, оқымысты
- C) данышпан, кемеңгер
- D) шешен, сөзшең

2. Браун не ойлап келе жатқанда өрмекшінің өрмегіне көзі түсті?

- A) Көпірді қайда салсам деп ойлап келе жатқанда
- B) Көпірді кімдерге салдырсам екен деп ойлап келе жатқанда
- C) Көпірді қандай материалдан салсам екен деп ойланғанда
- D) Көпірді қалайша салсам ыңғайлы, нық болар екен деп ойлағанда

3. Өрмекшінің жолдан кесе салған көпірі Браунға қандай ой салды?

- A) Өрмек жібін жіңішке болғанымен ауыр салмақ көтереді.
- B) Астында тіреу жоқ осындай көпір қолайлы болар еді.
- C) Осындай кішкене өрмекшінің өрнекті шебер тоқуы таңқалдырады.
- D) Өрмек созылмалы және өте берік екен.

4. Мәтін тақырыбын ашатын сөздер қатарын белгілеңіз

- A) сезімталдық, еңбексүйгіштік, шыдамдылық, сабырлылық
- B) алғырлық, зейінділік, тапқырлық, ақыл-ой ұшқырлығы
- C) ізденімпаздық, ашықтық, мейірімділік, батылдық
- D) ақкөңілдік, қарапайымдылық, ізеттілік, имандылық

2 – мәтін

Нұсқаулық: Мәтінді мұқият оқып, берілген тапсырмаларға дұрыс жауап беріңіз.

Дымбілмес өзі тартқан музыканы ешкім естігісі келмеген соң, енді суретші болуға бекінді. Ол Бояушыға келді де:

–Бояушы, менің де суретші болғым келеді, маған қандай болса да бояулар мен қылқалам берші- деді.

Бояушы сараң емес еді, ол Дымбілмеске өзінің ескі бояулары мен қылқаламын сыйлады. Дәл осы сәтте Дымбілместің жанына досы Мыңқылдақ келе қалды. Дымбілмес оған:

–Мыңқылдақ, қазір сенің суретіңді саламын – деді. Қуанып кеткен Мыңқылдақ орындыққа тез барып отырды да, Дымбілмес оның суретін сала бастады. Ол Мыңқылдақты барынша әдемі етіп бейнелегісі келді де, мұрнын -қызыл, құлағын – жасыл, ернін – көк, көздерін – қызғылт сары бояумен салды. Мыңқылдақ өзінің суретін көргенше **дегбірі** таусылды.

–Қане, көрсетші қалай болғанын! - деп өтінді. Дымбілмес салған суретін көрсетті.

–Мен осындай ма едім? – деп Мыңқылдақ шошына айқайлап жіберді.

–Мұртты неге саласың? **Менде мұрт жоқ қой.**

–Болмаса, әлі өседі.

–Жоқ, бұл нашар сурет, – деді Мыңқылдақ. Кәне, бері әкелші, жыртып тастайын.

–Көркем шығарманы жоюдың қажеті қанша? – деп жауап берді Дымбілмес. Мыңқылдақ одан суретті тартып алғысы келді де, екеуі төбелесе бастады.

Н. Носов

(158 сөз)

5. Суретші болуға бекінген Дымбілмес бұған дейін кім болғысы келген?

A) музыкант

B) ақын

C) дәрігер

D) мұғалім

6. Мәтіндегі қарамен жазылған сөйлемнің иесі

A) Дымбілмес

B) Бояушы

C) Мыңқылдақ

D) Білгір

7. Мәтіндегі асты сызылған сөзбен мәндес емес сөзді көрсетіңіз?

A) шыдамы

B) төзімі

C) тағаты

D) уақыты

8. Мыңқылдақ Дымбілместің салған суретіне қандай баға берді?

- A) әдемі сурет
- B) нашар сурет
- C) көркем шығарма
- D) өнер туындысы

9. Мәтіннің түрін анықтаңыз

- A) әңгімелеу
- B) суреттеу
- C) пайымдау
- D) сипаттау

10. Мыңқылдақ пен Дымбілмес неге төбелесе бастады?

- A) Екеуі күш сынаспақшы болды.
- B) Бояушы Мыңқылдақтың суретін әдемі емес қып салды.
- C) Дымбілмес Мыңқылдаққа бояуларын бермеді.
- D) Мыңқылдақ нашар суретті тартып алып, жыртқысы келді.

Жауап кілті

- 1. A**
- 2. D**
- 3. B**
- 4. A**
- 5. A**
- 6. C**
- 7. Д**
- 8. B**
- 9. A**
- 10. D**

Оқу сауаттылығы 4-нұсқа

1-мәтін

Нұсқаулық: Мәтінді мұқият оқып, берілген тапсырмаларға дұрыс жауап беріңіз.

Достық – өмірлік нұсқа

Ертеректе ел ішінде Әйтiмбет деген сөзге шешен кiсi болыпты. Бiр отырыста Әйтiмбет шешенге замандастары: «Достық нешеу?» – деп сұрақ қояды. Сонда Әйтiмбет тұрып:

- Достықтың екі түрі болады. Бірі адал достық, екіншісі амал достық.
- Дұрыс-ақ. Енді оларды қалай ажырата аламыз? – дегендерге:
- Адал достық – өмірлік нұсқа болады, амал достықтың өрісі қысқа болады, – деп жауап берген екен Әйтiмбет.

(54 сөз)

1. Әйтiмбет шешенге «Достық нешеу?» – деген сұрақты кiмдер қойды?

- A) балалары
- B) ауылдастары
- C) замандастары
- D) жолдастары

2. Әйтiмбет шешеннің айтуынша достықтың неше түрі болады?

- A) екі
- B) үш
- C) бірнеше
- D) көп

3. Қандай достықтың өрісі қысқа болады?

- A) адал
- B) амал
- C) шынайы
- D) нағыз

4. Мәтіннен Әйтiмбет шешеннің қандай қасиетін аңғаруға болады?

- A) адалдығы
- B) адамгершілігі
- C) әділеттілігі
- D) даналығы

2-мәтін

Нұсқаулық: Мәтінді мұқият оқып, берілген тапсырмаларға дұрыс жауап беріңіз.

Бұрынғы өткен заманда байлығы мен аты әлемге жайылған Қарабай деген бай болыпты. Оның **ай десе аузы, күн десе көзі бар** Баян деген сұлу қызы болған екен. Әсемдігі, көріктілігі алты алашқа толық тараған Баянды айттырып алғысы келетіндердің саны күн санап көбейе түскен екен. Бірақ, Баян күйеу болғысы келген жігіттерді менсінбей қайтара беріпті.

Абыр-сабырдан мазасы кеткен Қарабай осындай істі өткізудің басқаша жолын қарастырады. Сөйтіп, өзінің Аякөзден Түменге дейінгі аралықты алып жатқан жайлауының орта тұсы деп, тамаша жер жаннаты тәрізді өлкеге Баянның ауылын қоныстандырады. Сөйтіп, ендігі келушілер осы ауылға келіп, ат басын тірейтін болған.

Күнде ойын-сауық, қызық-думан өткізіліп тұрыпты. Баянды көргісі келген бозбалалар жан-жақтан ағылыпты. Баянның жаңа ауылын іздеп жүріп «Баянның ауылы қайда?» деген сұрақтар ел арасында тарап кетеді. Сол кезден бастап Баянның жаңа ауылы «Баянауыл» деп аталған.

(125 сөз)

5. Мәтінде Қарабайдың қызы қалай сипатталады?

- A) ақылды, білімді, зиялы
- B) ибалы, инабатты, биязы
- C) сұлу, әсем, көрікті
- D) шебер, ісмер, еңбекқор

6. Мәтіндегі асты сызылған сөзге мәндес қатарды белгілеңіз

- A) құда түсіп
- B) сырға салып
- C) ұрын келіп
- D) есік көрсетіп

7. Мәтінде айтылмаған ақпаратты табыңыз

- A) Баян күйеу болғысы келген жігіттерді менсінбей қайтара беріпті.
- B) Қарабай Баянның ауылын жер жаннаты тәрізді өлкеге қоныстандырады.
- C) Баянды көргісі келген бозбалалар жан-жақтан ағылыпты.
- D) Баян сүйгеніне қосылып, бақытты ғұмыр кешіпті.

8. Мәтіндегі қарамен жазылған фразеологизмге қарсы мәндес сөз

- A) әдемі
- B) ажарсыз
- C) көркем
- D) ару

9. Мәтіннің жанрын анықтаңыз

- A) әңгіме
- B) аңыз
- C) мысал
- D) өлең

10. Мәтінге лайықты тақырыпты белгілеңіз

- A) Қарабайдың байлығы
- B) Жер жаннаты
- C) Баян сұлудың жар таңдауы
- D) «Баянауыл» атауының пайда болуы

Жауап кілті

- 1. C**
- 2. A**
- 3. B**
- 4. D**
- 5. C**
- 6. A**
- 7. Д**
- 8. B**
- 9. B**
- 10. D**